

Еуразия гуманитарлық институты

**ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

АСТАНА

1. Жалпы ережелер

1.1 ЕАГИ Жас ғалымдар кеңесі (одан әрі - Кеңес) институттың қоғамдық ұйымы болып табылады және институттың түрлі кафедраларының өкілдерінен құралады.

1.2 Жас ғалымдар болып ғылыми қызметпен айналысатын, 35 жасқа толмаған, институттың ғылыми қызметкерлері, магистранттары, докторанттары, оқытушылары мен қызметкерлері танылады.

1.3 Жас ғалымдар кеңесі институт басшылығы жанындағы қоғамдық орган болып табылады.

1.4 Институтта Жас ғалымдар кеңесі қызметін үйлестіруді оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор жүргізеді.

2. Еуразия гуманитарлық институты Жас ғалымдар кеңесінің негізгі міндеттері

2.1 Институт жастарының ғылыми өсуіне, жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге белсенді қатысуына көмектесу.

2.2 Өкілдік орган рөлін орындау және жастар ғылыми қызметінің құқықтарын ғылыми кеңесте және институт басшылығында қорғау, ғылыми жастардың кәсіби қызметінің әр түрлі қырлары бойынша ойын және өмірдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын білдіру.

2.3 Шаруашылық есеп негізінде жастардың ғылыми-инновациялық орталықтарын құруға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметінің басқа да түрлерін ұйымдастыруға бастамашылық ету.

2.4 Өзекті ғылыми мәселелерді және басым ғылыми міндеттерді шешу үшін жас ғалымдардың күштерін біріктіру.

2.5 Жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын арнайы жасалған іс-шаралар жүйесі арқылы белсендіру.

2.6 Жас ғалымдардың зерттеу жобаларына, ғылыми гранттарға, конкурстарға, бағдарламалар мен тағылымдамаларға қатысу түрлерін жетілдіру.

2.7 Басқа жоғары оқу орындары ғылыми ұйымдарының Жас ғалымдар кеңестерімен байланысу желісін қалыптастыру және кеңейту.

3. Жас ғалымдар кеңесі қызметінің түрлері

3.1 Конференциялар, семинарлар және жас ғалымдардың, ғылыми мектептердің кездесулері мен жетекші ғалымдар дәрістерінің циклдерін өткізуді ұйымдастыру, жас ғалымдардың республикалық және халықаралық конференциялар мен семинарларға, симпозиумдерге, тағылымдамаларға қатысуына ықпал ету және қаржылық қолдау.

3.2 Жас ғалымдардың Қазақстан Республикасы, жақын және алыс шетел елдері бойынша қорлар, гранттар, конференциялар, мектептер, конкурстар мен басқа да іс-шаралар туралы, Қазақстан Ресубликасындағы жас ғылыми кадрларды мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттық қамтамасыз ету.

3.3 Жас ғалымдарға гранттық қолдау көрсететін отандық және шетелдік қорлар мен бағдарламалар жөніндегі ақпаратты жинау және жүйеге келтіру.

3.4 Әдістемелік ұйымдастырушылық және материалдық қолдау көрсете отырып, жас ғалымдардың жарияланымдарына мүмкіндік туғызу.

3.5 Қазақстан, шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтар жас ғалымдарының бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын ұйымдастыру.

4. Жас ғалымдар кеңесінің құқықтары

Өзінің негізгі қызметтерін атқару үшін Жас ғалымдар кеңесінің:

1) Кеңес жұмысына қатысты барлық мәселелер бойынша, жас ғалымдардың ғылыми қызметінің материалдық-техникалық қамтылуын жақсарту бойынша ұсыныстарын дайындауға;

2) ғылыми жастар мәселелерімен байланысты құжаттар мен нормативті актілерді даярлауға, сараптама жасауға қатысуға;

3) қол жеткізген табыстары үшін жекелеген жас ғалымдарды қолдауға және марапаттауға ұсыныстар енгізуге;

4) ғылыми конференциялар, семинарлар, симпозиумдар мен т.б. қатысу үшін жас ғалымдардың кандидатураларын ұсынуға;

5) жас ғалымдардың қатысуымен спорттық-сауықтыру және мәдени-демалыс шараларын ұйымдастыруға құқы бар.

Кеңес мүшелері:

1) осы Ережені сақтауға және Кеңес шешімін орындауға;

2) Кеңес қызметіне қатысуға міндетті.

5. Жас ғалымдар кеңесі қызметінің ұйымдастырушылық принциптері

5.1 Институттың Жас ғалымдар кеңесі осы ұйымның жас ғалымдарынан құралып, оған еркінділік принципі бойынша қатысады. Төраға кеңес қызметін ұйымдастырады және ұйымның жас ғалымдарының мүддесін білдіреді.

5.2 Институттың Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы ғылыми қызметкерлер арасынан жасырын немесе ашық дауыспен (қатысушылардың көпшілік шешімі бойынша) жас ғалымдардың тізімдік құрамының жай көпшілігімен үш жылға дейінгі мерзімгесайлана алады, ол сайлау кезінде 35 жастан аспауы тиіс.

5.3 Институттың Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы институт Ғылыми кеңесінің мәжілістеріне қатысады.

5.4 Жас ғалымдар кеңесі өз жұмысын жылдық жұмыс жоспары негізінде жүргізеді. Бір жылғы жұмыс нәтижелері бойынша жас ғалымдар кеңесі есеп дайындап, оны Кеңестің жалпы жиналысында, институттың ғылыми кеңесінде баяндайды.